



# Мұнайлы Әлке

Газет  
2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті  
№ 09 (25), шілде, 2011 жыл



**50 ЖЫЛ БҰРЫН -  
1961 ЖЫЛДЫҢ  
5 ШІЛДЕСІНДЕ  
МАҢҒЫСТАУДА  
МҰНАЙДЫҢ  
АЛҒАШҚЫ  
БҰРҚАҒЫ  
АТТЫ**

ОСЫ ЖЕРДЕ №6 ҮНҒЫДАН  
1961 ЖЫЛЫ 5 ШІЛДЕ КҮНІ  
ТҮНҒЫШ МҰНАЙ БҰРҚАҒЫ  
АТҚЫЛАДЫ.  
МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫН АЛҒАШ  
АШУШЫЛАРДЫҢ ДАҢҚЫ  
АРТА БЕРСІН!

## НӨМІРДЕ ОҚЫҢЫЗДАР:

**АЛҒАШ  
ИГЕРУШІЛЕРГЕ  
ҚҰРМЕТ**

2

**БАРЛЫҒЫ ЖОСПАРҒА  
СӘЙКЕС ЖҰРУДЕ**

3

**ЕЛІМІЗДІҢ  
БОЛАШАҒЫ -  
ХАЛЫҚ БІРЛІГІНДЕ**

4

**ЖЕРГІЛІКТІ  
ТҮНҒЫШ ГЕОЛОГ -  
ӘДІЛ АҒА**

6



# АЛҒАШ ИГЕРУШІЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Маңғыстау мұнайының жарты ғасырлық мерейтойын атақ өткел. Осыдан 50 жыл бұрын 1961 жылдың 5 шілдесінде Жетібай кенорнындағы №6 ұңғыдан алғашқы мұнай бұрқағы атқылды.

8 шілде күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы ардагерлер - маңғышпақ мұнайының «пионерлерімен» кездесті. Және айта кетер жәйт, бұл кездесу 1971 жылы алғашқы мұнай бұрқағына және алғаш игерушілерге арнап қойылған ескерткіші жаңында өтті.



Қазыналы түбек – міне, Маңғышпақ түбегін осылай атайды. Бірақ ол кезде, өткен ғасырдың 60-шы жылдары басталмас бұрын бұл – өз уақытын күтіп жатқан сұқты, мепгерілмеген өлке болды. Кейін мұнда геологбарлаушылар келді. Геологтарға түбектің жерасты қоймаларының кілті оңай берілген жоқ. Олардың ізденістері ұзақ әрі қиын болды, бірақ кейін жетістікпен аяқталды. 50 жыл бұрын 1961 жылдың 5 шілдесінде атығы шыққан Жетібай кенорнындағы №6 ұңғыдан, өлкеңіз қарқанды дамуына жол ашқан алғашқы мұнай бұрқағы атқылды. Өлкеңіз ірі «қара алтын» кенорындарының ашылуы - сенім және жігерлік, оптимизм және бағындық, білім және шеберліктің арқасында. Жарты жылдан кейін әлем Өзен кенорнын білді. Түбекте мұнайгаз өндіретін «Маңғышпақнефть» кәсіпорны ашылды. Маңғыстаудың мұнайы Қазақстан экономикасының дамуының қуатты итерткіш күші болды, негізгі айналыстың ісі малшаруашылығы болған түбек, жаңа өмір салуға болмаған мүмкіндік алды.

Алғашқы мұнай бұрқағына кейінгі жылдардың ішінде түбекте көмірсутектер қоры өндірісінің жаңа кәсіпорындары ашылды. Бес онжылдық тоқтамастан жұмыс істеген, мұнайшылардың ауыр еңбегі – бұл жатқан тарих, адамдардың тағдыры, өлкеміздің тағдыры...

Ескерткіш жаңында тұрған ардагерлер мұнайды қалай тапқандарын естеріне түсірді. Ол алтыншы ұңғыдан атқылды, және оның алғашқы тамшылары өлкеге келген мұнайшылардың әр қайсысының көкейінде жүрген арманының орындалғандығын, көрген қиындықтарының босапа болмағандығын дәлелдейді. 1961 жыл. Маңғышпақтағы Жетібай кенорнындағы алғашқы бұрқақ өлкеңіз елдегі ірі мұнай беруші аймақ атаандыры.

Осы жетістіктер мұнайгаз саласының бастау алуында болған ардагерлерсіз мүмкін емес еді. Бүкіл қалық, оның ішінде маңғыстаулықтар алғаш игерушілер аяндыра бәс иелері тиіс. Олардың әр қайсысы ең жоғары марапаттарға лайықты. Олар тарихты жасады. Барлығына олардың есімдері белгілі – Сағия Өтебаев, Нәсіпқали Марабаев, Николай Петров, Жолдас Тоқжанов, Қайып Азанбаев, Валентин Тоқарев, Халел Өзбекқалиев, Салық Рысқалиев, Хасан Тожиев және тағы да басқалар...

Салтанатты митингтің «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер көпіндегі орынбасары Асқар Рахманов ашты. Ол мұнайгазөндіру кәсіпорнының басшылығының атынан ардагерлерді



мерейлі күнмен құттықтап, оларға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі.

– Әр адам артынан өз ізін қалдырады, іздің маңыздылығы оның атқарған істерімен байланысты. Бір адамның істері тек қана жақын адамдарының, ал біреулерінің көпшіліктің есінде қалады. Біз осы жердің байлығын игеруді бастаған, өлкеңіз және бүкіл елдің игілігі үшін еңбек еткен, қазіргі таңда мұнайы Жетібайдың айбынын асқақтатып жатқан барлық азаматтарды есімде сақтаймын, - деп атап өтті А.Рахманов.

Жолдастарының алдында жетібай мұнайын алғаш игерушілердің бірі, өлкеңіз мұнай саласындағы ардагері Жолдас Тоқжанов сөз сөйледі.

Өз еңбек жолын мұнай саласының ардагері жарты ғасырдан астам уақыт бұрын Құлсары бұрғылау кеңсесінде жас бұрғышы болып бастады. 1958 жылы Салық Рысқалиевтің бастамасымен, алғашқы бригадасының қатарында жас мұнайшы Маңғыстауға келді, осыдан кейін ол өз өмірін мәңгілікке өлкемен байланыстырды.

Жолдас Тоқжанов бұрғышы шебер болып Николай Петровтың бригадасында жұмыс жасады. Ол Жетібай мұнайының алғашқы бұрқағының көз көргені. Оның алғаш игерушілік биографиясы өте кең. Жолдас Тоқжановтың есімі Қарамандыбас, Тасболат, Қансу, Өзен, Теңге, Қызыл және тағы да басқа кенорындарымен байланысты. Ол өлкеңіз мұнай саласының дамуына, қалыптасуына айтарлықтай үлес қосты. Осындай алғаш игерушілердің арқасында Маңғыстау мұнайгаз өндіретін өте ірі аймаққа айналды. Жерқойнауыш барлаушының еңбектері Леңік, Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Құрмет» белгісімен және көптеген алтын хаттармен бағаланды.

– 5 шілде күні таң сәріле көптен күткен кез келді. Мұнай бұрқағы дауысы жер жарардай сыртық атқылап шығып, далаға тасқын болып ағып жатты. Бәрі де табығатта болуы мүмкін үлкен аятық көз алмастан қараш тұрды. Бәріміз қуандық, - деп есіне түсірді ардагер.

Бүгінгі күні Жолдас Тоқжанов еңбек демалысында болғанына қарамастан, облыстың қоғамдық жұмыстарына белсене араласады. Ол маңғыстаулықтардың жас буынымен – оқушылармен, студенттермен, кездесіп тұрады, оларға өлкеңіз қалыптасқандығы туралы, Маңғыстаудағы мұнай саласының дамуы туралы әңгімелер айтып, осы арқылы жеткіншектердің өз елінің патриоттық болуына үлес қосады.

қияндығын есіме түсіремін. Тіпті ол қиындықтардан қалай өткенімізге де сенбеймін. Жолдың жоқтығы, тұрмыстың қалыңа келтірілуі, қамтамасыз етуші базадан пайғай болу. Бірақ бұл қиындықтар бізді шынықтырды. Еңбекті сүйе білу, қоғам алдында жауапкершілік, кәсіби шеберлік, міне осының барлығы жас буынға беруге тырысамыз. Біз үшін шексіз далалы Маңғышпақ жерінен артық жер жоқ. Бұл жерде біздің ата-бабаларымыз өмір сүрді, қазір балаларымыз, немерелеріміз өмір сүріп жатыр, шеберлеріміз де өмір сүреді, - дейді Қайып Азанбаев.

Әрі қараай ақсақалдарды Ақтау қаласының мейрамханаларының бірінде мерекелік түскі ас құтті. Жиналғандарды ерекше күнмен құттықтау барысында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Әсет Мағауов, жиналған ардагерлердің көбі алғаш игерушілер, аймақты игеру «пионерлері», Ұлы оқиға – «қара алтын» алғашқы тоннасын өндіруге қатысушылар мен көзкөргендері екенін айтып өтті.

– Сіз тек қана алғаш игерушілер болып қана қоймай, сонымен қатар өзіңіздің бағасы жетпес тәжірибеңізді жас ұрпаққа бере білдіңіз, біз үшін тәлімгер әрі ұстаз болдыңыз! Және де бүгінгі күні мұнай саласының Қазақстан экономикасының қозғалуы күші болуы, сіздердің және көп жылдар бойы өзін Маңғыстау жеріне арнаған азаматтардың арқасында, - деп атап айтты Ә. Мағауов.

Мерейтойға орай Жетібай кентінде компания есебінен салынып жатырған спорт-сауықтыру кешенінің және өнер мектебінің құрылысы аяқталуда. Бұл нысандар ауыл адамдарына сайға тартылмақ. Балалар спорт мектебінде кіші-футбол, баскетбол, волейбол күрес және басқа да спорт түрлерімен шұғылдана алады, ал өнер мектебінде ұлттық музыкалық аспаптарда ойнауды үйрететін үйірмелер ашылады.

Ресми түрде Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына арналған мерекелік шаралар ағымдағы жылдың күнінде атап өтіледі. Мерекелік шаралар аясында мәдени-ойынсауық бағдарламалар, эстрада жұлдыздарының қатысуымен өтетін гала-шоулер, әлеуметтік нысандарды ашу, облыстық тарихи-өлкетану мұражайында жаңа экспозицияның ашылу салтанаты және мұнайшы-ардагерлер, қоғамдық қайраткерлер, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне құрмет грамоталары мен мерейтойлық медальдарды табыстау шаралары өтеді.

Есназар Сұлтанов





# БАРЛЫҒЫ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС ЖҮРУДЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2011 жылдың 1-жартыжылдығында атқарған жұмыстарын қорытындылады

21 шілде күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ офисінде компания басшылығы 2011 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған жұмыстарын қорытындылап, екінші жартыжылдыққа арналған жоспарларымен бөлісті. Аталған жиналсқа Маңғыстау облысында іссапармен жүрген «Қазмұнайгаз» БӨ АҚ берілу өндіру жөніндегі басқарушы директоры А.Айдарбаевтың қатысқаны айта кеткен жөн.

Жиналысты аша отырып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Ә.Мағұнов дәл қазіргі уақытта компания 373 300 мың тонна алынатын мұнай мен 15 382 млн. текшеметр табиғи газдың қоры бар 15 мұнайгаз кенорнына барлау жүргізумен айналысып жатқанын атап өтті.

Бірінші жартыжылдықта мұнай өндіру деңгейі (2 858,4 жоспарында) 2 860,6 мың тоннаны құрады. Соның ішінде «Қаламқас-мұнайгаз» БӨ мұнай өндіру көлемі 2 095,5 мың тоннаны құраса (100%), «Жетібай-мұнайгаз» БӨ 765,1 (100%) құраған. Мұнайды беру бөлімнен кестелен сал ағыт өтіп жүзеге асыра 2 848,9 жоспары негізінде 2 854,8 тонна болып отыр. Табиғи газ өндіруде «Қаламқас-мұнайгаз» БӨ жоспардан асырып 105,8 жоспары негізінде 130,1 млн текшеметрді құрай отыр.

Ұңғымалардың жалпы қоры 2011 жылдың бірінші шілдесіндегі ақпарат бойынша 4767; соның ішінде 3132 – өндіріс; 1023 – айдамалуды; 452 – жойылған; 79 – суржінуды; 53 – бақылаудағы және 28 – газды.

Еңбек қауіпсіздігі мен қорғу саласында ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында 2 бақытсыздық оқиғасы орын алған, ол бытырғы жылы қарағанда екі



есе аз – деді Ә.Мағұнов. – Сондай-ақ, ағымдағы мерзім ішінде қауіпті өндірістік нысандардың 296 қызметкері өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқу-жаттығулар өтті, пайдалану мерзімі өтіп кеткен 414 мұнай-өнеркәсіптік жабдықтардың техникалық диагностикалауы өткізілді.

Жаңа техника мен технологияларды енгізу бойынша 2011 жылдың бірінші жартыжылдығында: ұңғыманы тіркелген штангалық насосын енгізуге тәжірибелі-өнеркәсіптік сынаулар жүзеге асырылды. Мақсаты – ұңғымалардың АЕК ұлғайту, терең ұңғымаларды механизмді пайдалануды мүмкін ету, динамикалық қысымды азайту, құрал-жабдықтардың қызмет ету мерзімін ұзарту. Сондай-ақ, 2010 жылдың қарашасында Жетібай кенорнында өзін-өзі реттейтін комплекстік центраторды

тәжірибелі-өнеркәсіптік сынау өткен болатын. Жыл бойына бір ұңғыма жаңа технология енгізудің экономикалық тиімділігі 4548 мың теңгеге құрады. 2011 жылы 400 комплекті орнатылатын болады (бүгінгі күні 19 ұңғымада орнатылған).

Жаңа технологияларды енгізу бұл ете маңызды мәселе деп, - А.Айдарбаев. – Өздерің білетіндей, Елбасы Н.Назарбаев энергияны аз пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды енгізу ісіне аса мән беріп қарайды. Біз де бұл мәселеге жете мән беріп, сәйкес технологияларды қолдануымыз қажет.

2011 жылдың екінші жартыжылдығына жоспарланған геологиялық-өндіру жұмыстары. Жаңа алынған құрылымдық элементтердің мұнайгаз беруін нақтылау үшін жылдың екінші жартыжылдығында: №15 Солтүстік Ақсар

және №27 Солтүстік Қарақия бағалаушы ұңғымаларын қауу көздеп отыр.

Сондай-ақ, екінші жартыжылдықта Алағөбе, Атамбай-Сартөбе және Апырағар кенорындарында триасты қалдық заттардың геологиялық құрылымын анықтау үшін және жарылыс ауытқулары мен УВС қауіптерін трансирлеу үшін 3Д сейсмикасын өткізу жоспарланатын отыр.

2011 жылдың екінші жартыжылдығында мұнай өндіру жоспары. Екінші жартыжылдықта 2 911,6 мың тонна мұнайды өндіру көздеп отыр, «Қаламқас-мұнайгаз» - 2 137,2; «Жетібай-мұнайгаз» - 774,4 мың тонна. 2011 жылы мұнай өндіру жоспары 5 770 мың тонна болып отыр. Табиғи газ өндіру «Қаламқас-мұнайгаз» БӨ-да 106,8 млн. текшеметрді құрайды.

Еңбек қауіпсіздігі мен қорғау

саласында екінші жартыжылдықта өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша қауіпті өндірістік нысандарда жұмыс жасайтын 2204 қызметкерді оқыту көздеп отыр, сонымен қатар пайдалану мерзімі өтіп кеткен 400 мұнайөнеркәсіптік құрал-жабдықтарды техникалық диагностикалау жоспарлануда.

Сондай-ақ, екінші жартыжылдықта түзетілген кезеңді тербелме-станоктарды да тәжірибелі-өнеркәсіптік санаудан өткізу де көздеп отыр. Оның әдеттегі станок-тербелмелерден айырмашылығы, аталған түзетілген кезеңді станок кезекпен мұнай компаниялары жұмысының өнімділігін арттыру мен пайдалану максаттарын азайту жұмыстарында кездесетін өзекті мәселелерді шешуде айрықша орын алады.

Сонымен қатар, «Қаламқас-мұнайгаз» БӨ тәжірибелі-өнеркәсіптік сынаулар құрамында жоғары газы бар механикалық заттар қосындысы мен жеңіл мұнайды өндіруге арналған 15 комплекті бұрандалы сорғыларға жасу да жоспарда тұр. Ал Жетібай кенорнында тәжірибелі-өнеркәсіптік сынауларға бұдан әрі дамытылған бес комплектілік жүк артылатын сорғыларға жасу жоспарланған.

Жиналысты қорытындылай келе, Ә. Мағұнов жұмысқа өзара қарым-қатынас қалыпты жағдайда екенін және жөсіп отырған елеулі кемшіліктер мен бұзушылықтарсыз жұмыс өткізіп жатқанына тоқталып өтті.

Алик Айдарбаев «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымын жұмыстарын тиңғылжықты атқарғандарына алғыс айтып, жақсылық пен жаңа табыстар тіледі.

Еснпзар Сұлтанов

## ӘЛЕУМЕТТІК ХРОНИКА. ТАҒАЙЫНДАУЛАР



**Сейтмағанбетов  
Болат Сүлейменұлы**

2011 жылдың 11 шілдесі күнінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының бұйрығы бойынша «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының жаңа бастығы болып Сейтмағанбетов Болат Сүлейменұлы тағайындалды.

Б.Сейтмағанбетов 1971 жылдың 12 ақпанында Маңғыстау облысы Тұрпикүлдік ауылында дүниеге келген.

1993 жылы Алматы қ. Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кенорындарын өңдеу және пайдалану» мамандығы бойынша үздік бітіріп шықты.

Еңбек жолын 1993 жылы «Қаламқас-мұнайгаз» БӨ мұнай және газ өндіру операторы болып бастады. Өрі қарай технология, жетекші инженер, мұнай және газ өндіру цехының бастығының орынбасары, пех бастығы қызметтерін атқарды.

2005 жылдың шұрыз айында «Жетібай-мұнайгаз» БӨ бастығының орынбасары болып тағайындалды. 2007 жылдан бастап 2010 жылға дейін «Жетібай-мұнайгаз» БӨ бас инженері қызметін атқарды. 2010 жылдың қаңтарында 2011 жылдың шілдесі айына дейін «Жетібай-мұнайгаз» БӨ бастығының бірінші орынбасары қызметін атқарды.

Сейтмағанбетов Болат Сүлейменұлы техникалық жағынан сауатты, ынталы және өндірісті білетін, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары өз ісінң маманы. Өзіне және өзі басшылық ететін қызметкерлерге қоятын талабы жоғары. Төтенше жағдайларда оларды жою үшін тез әрі дұрыс шешімдер қабылдай біледі. Өз білімін жоғарылау үшін ардақан ізденісте.

Әйелі, 2 баласы бар.

«Жетібай-мұнайгаз» БӨ бұрын басқарған Абай Қуванов «Ақтау-нефтьсервис» ЖШС Бас директоры болып тағайындалды.



**Төлегожаев  
Жетібай Қунаыұлы**

2011 жылдың 11 шілдесінде «Жетібай-мұнайгаз» БӨ бастығының бірінші орынбасары болып Төлегожаев Жетібай Қунаыұлы тағайындалды.

Ж.Төлегожаев 1961 жылдың 20 наурызында Маңғыстау облысы Жетібай ауылында дүниеге келген. 1978 жылы мектеп бітіргеннен кейін «Жетібай-мұнай» МТӨБ-нде мұнай өндіру операторы болып жұмыс істеді.

1980-1985 жылдар аралығында Алматы қ. Қазақ политехникалық институтында «Мұнай және газ өндіру кенорындарындағы көптеді механизмация және технология» мамандығын тәмамдады.

1985 жылы жоо-и бітіргесін «Жетібай-мұнайгаз» БӨ жұмысын, яғни, мұнай және газ өндіру цехы шебері, қабат қысымнан ұтыу цехының бастығының орынбасары, бастықтың орынбасары, ал кейін №3 МТӨБ бастығы, орталық инженерлік-технологиялық қызметінің (ОИТК) ауымы бастығы болып жалғастырды. 2007 жылдан 2010 жылдар аралығында «Жетібай-мұнайгаз» БӨ ОИТК бастығы. Соңғы кездері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ орталық инженерлік-технологиялық департаментінде (ОИТД) менеджер қызметін атқарды.

Төлегожаев Жетібай Қунаыұлы мұнай және газ өндіру технологиясында тәжірибесі мол, ол мұнай және газды бұрқакты, механизацияланған, газификация өдістерімен өндірумен айналысты. Сонымен қатар, ол ұңғымалардың қорын оңтайландыру жұмыстарымен, ұңғымаларды жерасты және күрделі жөнлеу технологиясымен, қысымды жару өндірісімен, өңбекті қорғау және мұнайқосп-шілігіндегі экология мәселелерімен де айналысты.

Әйелі, 4 баласы бар.



**Аққайсиев  
Арман Умбетович**

2011 жылдың 25 шілдесінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қауіпсіздік қызметінің жаңа бастығы болып Аққайсиев Арман Умбетович тағайындалды.

А. Аққайсиев 1966 жылдың 30 сәуірінде Атырау облысының Көктоғай ауылында дүниеге келген.

1987 жылы Қарағанды қ. КСРО ПМ Жоғары мектебін бітірді.

Еңбек жолын Атырау облысы ПБ-на қарасты Махамбет ауылының тергөушісі болып бастады, аға тергөуші, АПБ бастығы, Атырау облысы ПБ бойынша ҰҚБ бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. 2005 - 2010 жылдар аралығында Атырау және Ақтөбе қалаларында әр түрлі ЖШС-да басшылық қызметтерді атқарды. Соңғы кездері Атырау облысындағы «КМГ-Өнімдері» АҚ филиалында директордың орынбасары қызметін атқарды.

2005 жылы ҚР Премьер-министрі Кеңесінде (Астана қ.) – «ҚР-да құпиялық режимді дамытмасыз ету» тақырыбы бойынша, ал 2007 ж. – «Провет» ҚОБ-да (Санкт-Петербург қ.) – «Кәсіпорының экономикалық қауіпсіздігі» тақырыбы бойынша біліктілікті жоғарылату курстарынан өтті.

2007 жылы Атырау мұнай және газ институтын бітірді (Көлік бакалавры).

Знапастағы полковник.

Әйелі, 4 баласы бар.



Өкінішке орай, кәзіргі таңда өңірдің кейбір мұнай өндіретін кәсіпорындарында қиыншылықтар орын алуда. «Мұнайлы Өлке» газетінің оқырмандарына осы оқиғаларға байланысты Жаңаөзен қаласының тұрғыны Данабек Ақжатаұлының пікірінен үзілді ұсынымы отырмыз.

# ЖҮЙЕЛІ СӨЗ ЖҮЙЕСІН ТАБАР, ЖҮЙЕСІЗ СӨЗ ИЕСІН ТАБАР немесе орынсыз талап орға жығар!

Бір кездері бірінші жарасып, тарихта аты қалған жылына 16 млн. тоннаға дейін мұнай өндірген Өзен кен орнының бүгінгі өндірістік жағдайы өте күрделі. Ай сайынғы мұнай өндіру жоспарын орындау үшін өте қиын әрі күрделі мәселеге айналды. Оған бірқатар өндірістік мәселелер мен ең бастысы – жұмыскерлердің ауызбірлігінің, еңбек тәртібінің босандып кетуі, жұмысқа деген жауапкершілік түрлі өңімелердің жетегінде кеткендей ме? Осыған қарамастан, бүгінгі таңда дейін ай сайынғы өндірістік жоспар орындалмаса да, жұмыскерлердің сыйақысы толық төленіп келген еді. Алайда Өзен кен орнының осындай қиын-қастау кезеңде тұрғанына қарамастан жоқ жерден дәу тұтқызып, заңға да, ақылға да сыймайтын талаптар қою көбейіп кетті. Қаражанбастық заңгер Н.Соломова да түрлі қағазбен басамыз-ды айналдырып, жылды қылып болды. Біз мұны құжым қытмағын қыратуға ниетті бүддіршіл күштердің өресіте деп білеміз.

**Талап: 2010 жылғы 11-маусым күні Ұжымның шартқа жасалған қосымша келісімін қуыш жою;**

Жауап: Былтырғы жылдың наурыз айындағы парезальды ақпаныс кезінде 1,8 салалық коэффициентін төлеу туралы тараптардың қатысуымен жазын өтті. Жылдың №5 хаттамасында 2010 жылдың 1-1-маусымынан бастап 1,8 салалық коэффициентін ҚР Еңбек Кодексінің 122 бабының 2 тармақшасында көрсетілгендей ең төменгі жалақы төлеу стандарты арқылы төлеуі керек. Төленип те жағар. Ал арызда-нушылардың 3-талабы бойынша ортална айтқы жалақыға 1,8-ге көбейтіп төлеу біріншілден, заңда көрсетілмеген, екиншілден, бұл жүйе арқылы жұмыскерлерге еңбекақы төленсе, онда өңдіріп отырған мұнайымыздан түскен пайда жұмыскерлерге жалақы төлеуге жетпей қалады. Яғни, Н.Соломова тарапқа қағаздарда өр кісіге 600-700 мың теңге жалақы төлеу орнын өз әрі күлі келтіретіндей өңіме екенін орайқасымыздың ішіміз сөзге керек. Ал сонда өркім өз қиялындағы өспешен жалақы есеттеп, заңсыз талап ету дұрыс па? Еңбек кодексі қайда қалады сонда?

келісімін, бітімгершілік комиссия мұны мақұлдап, қол қойған болатын. Бұл келісімге өздері де қол қойды. Бірінші тарихтік ставка 16 862 теңгені 1,8 салалық коэффициентке көбейту керек деген бастама сол кездеме қозғалды. Алайда бұл мәселе заңға қайшы болып сыймағандықтан жоғарыдағыдай келісімге келген болатын. Жалақымыз көбейіп, бүгінгі күнге дейін алып келеміз.

**Талап: 2010 жылдың 10 маусым күні қол қойылған қосымша келісіміне дейін қолданыста жүрген БТС (Бірегей Тарихтік Ставкаға) негізделген ортална айтқы еңбекақыға 1,8 салалық коэффициентті көбейтуді енгізу;**

Жауап: Осыған дейін жаз болып келген 1,8 салалық коэффициентін жоғарыда айтқы өткізіміздей ҚР Еңбек Кодексінің 122 бабының 2 тармақшасында көрсетілгендей ең төменгі еңбекақы төлеу стандарты арқылы төлеуі керек. Төленип те жағар. Ал арызда-нушылардың 3-талабы бойынша ортална айтқы жалақыға 1,8-ге көбейтіп төлеу біріншілден, заңда көрсетілмеген, екиншілден, бұл жүйе арқылы жұмыскерлерге еңбекақы төленсе, онда өңдіріп отырған мұнайымыздан түскен пайда жұмыскерлерге жалақы төлеуге жетпей қалады. Яғни, Н.Соломова тарапқа қағаздарда өр кісіге 600-700 мың теңге жалақы төлеу орнын өз әрі күлі келтіретіндей өңіме екенін орайқасымыздың ішіміз сөзге керек. Ал сонда өркім өз қиялындағы өспешен жалақы есеттеп, заңсыз талап ету дұрыс па? Еңбек кодексі қайда қалады сонда?

**Талап: ҚР Еңбек Кодексінің 126 бабының 4 тармағына сай тұрақты сипаттағы ай сайын төленетін ағымдағы сыйақылар еңбекақының тұрақты бөлігіне (еңбекақының негізгі тұрақты бөлігі) қайта оралтылуы тиіс.**

Жауап: ҚР Еңбек Кодексінің 126 бабының 4 тармақшасында кез-келген жұмыскерге берілетін еңбекақының 75% тұрақты бөліктен, ал 25% ауыспалы бөліктен (сыйақы) тұратыны тайға тақпа басқандай анық жазылған. Ал сыйақының еңбекақының тұрақты бөлігіне қосып, кез-келген жағдайда, ол өндірістік жоспар орындалмаса да, текшия қауіпсіздігі сақталмаса да, жұмыс тәртібі бұзылса да 100% тұрақты еңбекақы алып отыру, яғни, сыйақыны кез-келген жағдайда тұрақты төлеу – бұл да заңсыз. Әрі беріден соң бұл тіпті сау адамның ақылына қонбайтын өңіме.

Айттылған мәселелер, талаптар заңды болса, неге мұнайшылар ақы төлеп отырған, осындай дәуларды шешу үшін құрылған кәсіподақ кометімен, араласуымен неге көтерілмейді?

Сонғы кезде, сыныққа салтау ізден, үнемі заңға қайшы талаптар қойып ұжым-мыздың берекетін қашыру, ынтмағына іріткі түсіру жақсылықтың белгісі емес осындай бағытпен өз отымызды өзіміз өшіріп, өзіміздің де, Өзен мұнайымыздың да болашағына көр құрудымыз. Әрі шетсіз-шексіз мұндай талаптарды алға тартып, шу шығарушылар-

дан, ереуілмен белеп жинап, халықшыл бола қалған, әрі кетсе жеке өз шаруаларын, өз мәселесін алға тартатындардан жаңаөзендік мұнайшылар өте паршалы, жалпысы. Жұмыс жасаудан, өр жердегі өсктерден, түрлі араңдудан жұмысымызды да жасаудан қалшып! Қанап, басқалардай тыныштықпен жұмыс жасаймыз?

Халықтың атынан сөйлен, сау адамның асын ініп, ауру адам сөзін сөйлетіндерге, өз отбасын ойламай, көзсіз, мағынасыз шатақ шығарушыларға халықтың атынан сөйлеуге кім құқық берді? Енді басқарыққа нокта салып, нүкте қоятын кез жетті. Мұны бөріміз жүратімізбен түсінуіміз керек. Түсіне отырып, орнын өз орекеттерге барып жүргендерге тоқтау салатын уақыт жетті. Өздерімен өздері болса, аптыққа ма тоқтыққа ма өз жағдайды білсіп, біреуді отын біреу жаққан емес! «Аққылдың отын ақмақ өшірмес!» Заңға да, ақылға да сыймайтын талаптарды сылтауратып, берекені алып, онсыз да өндірістік ахуалы өте күрделі Өзен кен орнын, балалар болашағын қыратуды, өртеуді тоқтатыял! Өр мәселені ақылмен, заңды түрде кәсіподақ кометімен, өңдіріске зиянын титөбей шешейік! Қанағатын болайық, өр нәрсені дұрыс сараптай алатын салуатты болайық!

Данабек Ақжатаұлы,  
Жаңаөзен қаласының тұрғыны

## ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ - ХАЛЫҚ БІРЛІГІНДЕ

### «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 13 қызметкері «НҰР ОТАН» партиясы құрамына кірді

«НҰР ОТАН» Халықтық-демократиялық партиясының құрамы жаңа адамдармен толығуы. 20 пілде күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 13 бірдей қызметкері партияның жаңа мүшелері атанды. Партияға салтанатты түрде қабылданы – өңірдің мұнай байлығын алғаш ашушы ардагерлердің сондай-ақ, ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты Г.Сейітмағамбетованың қатысуымен өтті.

Кездесуде «НҰР ОТАН» ХДП облыстық бөлімшесінің бірінші орынбасары Жауымбай Қараев осы жылдың Қазақстан халқы үшін ерекше екенін атап өтті:

-Былтыр жыл Отанымыз – Қазақстан Республикасының тарихында айтулы жыл болашақ отыр. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қоғамдық-саяси тұрақтылықтағы экономикалық өрлеудің негізі болып, қазақстандық ұлттың келеші табысын ныш өтті. Біз болашаққа нық сеніммен қараймыз. Себебі біздің ортақ ұлттық бірлігіміз бар – барлық қазақстандықтар еліміздің ең ықпалды әрі салы жағынан алда тұрған «НҰР ОТАН» партиясы тірек болып отырған өз Президентіміздің айналасына біріккен, «НҰР ОТАН» партиясы бұл – Ұлт көшбасшысы пікірлестерінің, өз өмірін өзгертуге ұмтылатындардың және елімізді көркейте білімі мен өрік-жігері жетегілердің, сондай-ақ еліміздің жарық болашағына сенетіндердің одағы. Президент партиясы өз құрамына күнделікті партияның өр дөңгелінде жұмыстарды атқара жүріп ортақ ұлттық қызығушылықтарын көрсете білетін, барлық күш-қайратын Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға жұмсайтын, еліміздің алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде үлкен үлестерін қосатын білімді де белсенді жастарды жинайды.

Жиналғандарға қарата, Ж. Қараев облыстық партия ұйымының дамуында қосқан үлестері үшін ардагер мұнайшылар мен жас мамандарға алғашқы билдірі және әрі қарай елбасы бекіткен міндеттерді орындауда да атқаратын жұмыстарына табыс тіледі. Кездесуде мұнайгаз саласының қызметкерлері өңірдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларының дамуында белсенді жұмыстанып жүргендері айтылды.

-Маңғыстау облысы мұнайшыларының 25 пайызы «НҰР ОТАН» партиясының құрамында есетте тұр – делі Ж. Қараев. – Ағымдағы жылдың басынан бері бес жүздей мұнайшы



партияның қатарын толықтырды. Бізді жастардың болашаққа сеніммен қарайтындығы мен алға қойған міндеттерді жемісті орындайтындары хуантады. Кез келген ұжымның тәзімді және алды ниетті атқарған еңбектері ордайым өзінің лайықты бағасын алады.

Өз кезектерінде мұнай өнеркәсібінің ардагерлері кездесуде жиналғандарға өздерінің алғашқы мұнай игеру кезіндегі осындай жарты ғасыр бұрын көрген қиыншылықтары туралы өңіміспен бөліп.

-Біз жағдайсыз уақыттарда еңбек еттік, - деп еске алуды Жетібай мұнайының алғашқы ашушыларының бірі Жолдас Тоғжанов. – Бірақ ешкім ол қиыншылықтарды арыз етіп айтқан емес. Себебі біз, осы қиыншылықтардың алғашқы мұнайдың ашылуымен-ақ арта қалатынына сендік. Және бүгінде қазақстандықтардың жаңа буыны еліміздің мүддесіне сай қара алтын өндіру бағытында да жұмыстарын жалғастырады деп сенім арттымыз. Ал бүгінгі «НҰР ОТАН» партиясының құрамына өтіп отырған жас мамандарға тәбіттер мен жақсылықтар тілеймін.

Бұл күні «НҰР ОТАН» партиясы құрамын толықтырғандардың ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ҚКЖБД бөлім бастығы Жанар Қасымова да болды.

- Парасатты жастар – Тәуелсіздіктің тірегі! Еліміздің әрі қарай үлкені, әрі қарай дамуы кәзіргі жастардың қолында! Сонымен қатар партияның негізгі қызметтерінің бірі - заң шығару қызметіне қатысу, араласу. Ал заңгер мамандығы жоғарыдағы аталған қызметпен тығыз байланыста.

Сондықтан еліміздің жас буыны ретінде, белсенді түрде экономикалық мықты, демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекет құруға қол жеткізу мақсатында және заң мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу мақсатында «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясына таңдалды.

Отанымның арқауын білік шығынды көрінуіне өз үлесімді қосқым келеді!

Бүгінгі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 1500-дей қызметкері «НҰР ОТАН» Халықтық-демократиялық партиясының құрамына енген. Барлық партия құрамына өңкешер өз кәсіпорындарының қоғамдық өміріне белсене қатысып, өндірістік жоспардың орындалуына лайықты үлесін қосуда.

Есназар Сұлтанов





# АКЦИЯЛАРДЫ ҰСТАУШЫ - АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

**«Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік Қоғамына айрықша құқыққа ие акцияларды ұстаушылар тарапынан өздері алатын дивидендтер мәселесі бойынша көптеген сұрақтар түсуде. Жиналын қалған сұрақтарды бірінғайлай отырып, Қоғам қазынашылығының басшысы Б. Таңсықбай мырзаға жауап беріп отірген болатынбыз.**

**Бақытбек Алмағамбетов, біздені айрықша құқыққа ие акция ұстаушылардың саны қанша және олар Қоғам кірісінің қандай мөлшердегі үлесінен үміттенеді алады?**

Бүгінде Қоғамның айрықша құқыққа ие акцияларының саны 1 089 460-ты құрайды. Бұл 108 946 000 акциялардың жалпы санының 1 % - ы, яғни айрықша құқыққа ие акциялардың ұстаушылары Қоғамның үлестірілуі кірісінің тек 1 % - ынан ғана үміттенеді.

**Сіз үлестірілуі кірістің тек 1 % - ы ғана дейсіз, ал егер акционерлер белгілі бір кезең ішінде кірісті тіптен үлестірілуіге иемін қабылдаса ше?**

Қоғам өзінің қаржы-шаруашылық қызметінде «Акционерлік Қоғамдар туралы» ҚР Заңының ережелері мен қағидаларын басшылыққа алады. Атамыш Заңның 24-бабына сәйкес бір айрықша құқыққа ие акцияға берілетін дивиденд мөлшері Қоғамның Жарғысына сәйкес белгіленеді. Қоғам Жарғысының 36-тармағына сәйкес бір айрықша құқыққа ие акцияға берілетін көпші дивиденд мөлшері айрықша құқыққа ие акцияның жалпы бағасының 1 % - ын құруға тиіс. Осылайша, Қоғам Жарғысы айрықша құқыққа ие акцияға берілетін дивидендтің көпші құнын 100 теңге мөлшерінде, оның

нақтылы 1000 теңге құнына сәйкес қарастырады. Соның ішінде, айрықша құқыққа ие акцияның құны жай акцияға берілетін дивидендтің мөлшерінен аз бола амайды.

**Түсінікті, ал жылғына 100 теңге айрықша құқыққа ие акцияларды ұстаушыларға кез-келген жағдайда берілген, ал соңғы 5-6 жыл ішінде Қоғам айрықша құқыққа ие акцияларды ұстаушыларға фактілі төленген дивидендтер туралы айтып бере аласыз ба?**

Егер 2005-2010 жж аралығын ашып қарайтын болсақ, бір акцияға фактілі төленген дивиденд мөлшері сәйкесінше, 700, 300, 2602, 662, 534 және 938 теңгені құраған. Осылайша, Қоғам айрықша құқыққа ие акционерлердің алдындағы міндеттемелерін кепілденген дивиденд мөлшерінен бірнеше есе асырып, толықтай орындап отыр деуге негіз бар.

**Жақсы, бұл мәселе түсінікті болды. Ал акционерлердің айтып жүрген «Қаражанбасмұнай» АҚ акцияларына төленетін дивиденд мөлшерінің көпшісі туралы не айта аласыз? Олардың айтуы бойынша, бір акцияға 15 000 теңге мөлшерінде төленеді екен, бұл анағұрлым көп сама екенімен келісетін боларсыз?**

